

«Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
БЕКІНІЛГЕН
2025 жылғы «12» қыркүйектегі Қаттама



Евразия
СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ

**АДАМДАР ЖАППАЙ БОЛАТЫН ОБЪЕКТІЛЕР ИЕЛЕРІНІҢ
ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨМІРІНЕ, ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН
МҮЛКІНЕ ЗИЯН КЕЛТІРГЕНІ ҮШІН АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ЖҮКТЕЛГЕН САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕСІ**

Мазмұны

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	2
2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ	3
3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ	3
4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ЕРЕКШЕЛІКТЕР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ	3
5. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ	4
6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ	5
7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ	5
8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ.....	6
9. ҚОСАРЛАНҒАН САҚТАНДЫРУ	6
10. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	6
11. САҚТАНУШЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ӘРЕКЕТТЕРІ	9
12. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ШЫҒЫН МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ	10
13. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ. ШЫҒЫНДАР МӨЛШЕРІН ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ	11
14. КЕРІ ТАЛАП ЕТУ ҚҰҚЫҒЫ (СУБРОГАЦИЯ)	12
15. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ	12
16. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	13

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ Адамдар жаппай болатын объектілер иелерінің үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін жүктелген сақтандыру ережелері (бұдан әрі – Сақтандыру ережелері) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (бұдан әрі – Азаматтық кодекс), Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңына (бұдан әрі – Заң), сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына сәйкес әзірленген.

Осы Сақтандыру ережелерінің шарттарына сәйкес, «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ, бұдан әрі Сақтандырушы деп аталады, адамдар жаппай болатын объектілер иелерінің үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – сақтандыру шарты) заңды тұлғалармен (меншік нысаны мен ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан) және жеке тұлғалармен (азаматтығына қарамастан), бұдан әрі Сақтанушы деп аталады, жасасады.

1.2. Сақтандыру ережесінде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

- 1) пайда алушы - сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын үшінші тұлға;
- 2) сақтандырушы - сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган берген лицензиясы бар, сақтандыру жағдайы басталған кезде пайдасына шарт жасалған тұлғаға (Пайда алушыға) шартта айқындалған сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға;
- 3) Сақтанушы - Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан адамдар жаппай болатын Объектінің иесі;
- 4) сақтандыру жағдайы - адамдар жаппай болатын Объектідегі өрттің нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі;
- 5) сақтандыру сомасы - сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты Сақтанушының мүлдіктік мүдделері сақтандырылған ақша сомасы;
- 6) сақтандыру сыйлықақысы - Сақтанушы сақтандырушыға соңғысының сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;
- 7) сақтандыру төлемі - сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасы шегінде Сақтандырушы Пайда алушыға төлейтін ақша сомасы;
- 8) үшінші тұлға - адамдар жаппай болатын Объектідегі өрттің салдарынан өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген, зардап шеккен жеке немесе заңды тұлға болып табылатын пайда алушы, ол сақтандыру төлемін алушы болып табылады.

Сақтандырушымен шарт жасасқан адамдар жаппай болатын Объектілердің сақтандырушылары мен иелері үшінші тұлға болып табылмайды;

- 9) ауданы екі мың шаршы метрден астам адамдар жаппай болатын, өрт қауіпсіздігі саласында сақтандыруға жататын объект - ауданы екі мың шаршы метрден астам адамдар жаппай болатын объектілер тізбесіне енгізілген, өрт қауіпсіздігі саласында сақтандыруға жататын объектілер;

10) КЖ және ТҚ - қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру.

11) үлгілік сақтандыру шарты - уәкілетті орган бекіткен адамдар жаппай болатын объектілер иелерінің үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін жүктелген сақтандырудың үлгілік шарты.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

2.1. Сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру жағдайының туындауы нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты сақтанушының мүліктік мүдделері жүктелген сақтандыру объектісі болып табылады.

2.2. Сақтанушының құқыққа қайшы мүліктік мүдделері (әрекеттері) сақтандыруға жатпайды.

3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

3.1. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы адамдардың жаппай болатын объектідегі өрт салдарынан үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі болып табылады.

3.2. Сақтандыру жағдайының басталу фактісі үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне зиян келтіргені үшін адамдар жаппай болатын объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін өздеріне жүктелген сақтандырудың үлгілік шартының талаптарына сәйкес сот шешімімен немесе тараптардың келісімімен белгіленеді.

3.3. Сақтандыру жағдайын қасақана жасау, сондай-ақ сақтандыру төлемін заңсыз алуға бағытталған өзге де алаяқтық әрекеттер Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады.

4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ЕРЕКШЕЛІКТЕР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ

4.1. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы мыналардың салдарынан болса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті зақымданудың әсерінің;

2) әскери іс-қимылдардың;

3) азаматтық соғыстың, халықтық толқулардың, жаппай тәртіпсіздіктердің немесе ереуілдердің;

4.2. Егер сақтандыру жағдайы мыналардың салдарынан болған болса, сақтандырушы сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:

1) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының және (немесе) Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

2) Сақтанушының және (немесе) Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайына себеп-салдарлық байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған әрекеттері;

3) жәбірленушінің ақша, бағалы қағаздар, алтын, күмістен жасалған бұйымдар, зергерлік бұйымдар, зергерлік бұйымдар, өнер туындылары немесе басқа да құндылықтар түріндегі мүлкіне зиян келтіру;

4) Сақтанушының және (немесе) Пайда алушының немесе олардың заңды өкілдерінің Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламауы.

Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақытылы хабарламау немесе хабарламау, егер ол дәлелді себептермен негізделсе және сақтандыру жағдайының басталу, жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына зиян келтіру фактісін растайтын тиісті құжаттар және мүлік сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін тікелей болған жай-күйде бағалау үшін ұсынылса, сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіз бола алмайды;

5) Сақтанушы сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекет жасаған адамға өзінің талап ету құқығынан бас тартқан, сондай-ақ оның сақтандырушыға талап ету құқығын сақтандырушыға ауысуы үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартқан жағдайда.

4.3. Сақтандырушы мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы:

- Сақтанушының / Сақтандырылушының / Пайдалы алушының Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты тұлғалар мен ұйымдар тізіміне (бұдан әрі – ҚМА тізімі), сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты тұлғалар тізіміне (бұдан әрі – ЖҚЖҚТҚ тізімі) енгізілуі;

- Сақтанушының/Сақтандырылушының/Пайда алушының құжаттарды, сондай-ақ Сақтандырушының сұрау салуы бойынша тиісті тексеру жүргізу үшін қосымша ақпаратты бермеуі;

- ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалады деп пайымдауға негіздер болған кезде.

4.4. Сақтандырушы ұтылған пайданы, тұрақсыздық айыбын, айыппұл санкцияларын, мемлекеттік органдар салатын өсімпұлдарды, тіпті олар сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген болса да, өтемейді.

4.5. Сақтандыру төлемінен бас тартуға негіздер болған жағдайда, Сақтандырушы құжаттарды алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлеміне талап қойған тұлғаға толық немесе ішінара бас тарту туралы уәждеделген шешімді жазбаша түрде жолдауға міндетті. Сонымен қатар, Сақтанушыны және (немесе) Пайдалы алушыны Қазақстан Республикасының заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, туындаған келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабардар етуі тиіс..

5. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ

5.1. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшері тараптардың келісімімен айқындалады және сақтандыру шартын жасасу күніне тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жетпіс бес мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен (75 000 АЕК) кем емес соманы құрауға тиіс.

6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ

6.1. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, оны төлеудің тәртібі мен мерзімдері сақтандыру шартында айқындалады.

6.2. Сақтандырушы төленуге тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау кезінде тәуекел факторларына қарай айқындалатын базалық сақтандыру тарифтеріне жоғарылату және төмендету коэффициенттерін пайдалануға құқылы.

7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

7.1. Сақтандыру шарты тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті талаптарды сақтай отырып, Сақтандырушының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау ережелеріне» сәйкес жасалады.

Сақтанушы іскерлік қатынастар орнатылғанға дейін тиісті тексеру жүргізу үшін Сақтандырушының сұрау салуы бойынша құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ егер Сақтанушы/Сақтандырылушы/Пайда алушы ҚМА, ЖҚЖҚТҚ тізбесінде болса, Сақтандырушы сақтандыру шартын жасасудан бас тартады.

7.2. Сақтандыру шарты Сақтанушының жазбаша өтініш-сауалнамасы негізінде жазбаша нысанда жасалады. Өтініш-сауалнама Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

7.3. Сақтандыру шарты жасалуы мүмкін:

- 1) қағаз нұсқада; немесе
- 2) электрондық нысанда, оның ішінде Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, сақтанушы мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу жолымен.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 825-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген тәртіппен жасалған сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңында белгіленген электрондық цифрлық қолтаңбаға қойылатын талаптарды ескере отырып, сақтандыру шарты тараптарының электрондық цифрлық қолтаңбасының қаражатын пайдалана отырып жасалуы тиіс.

7.4. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан болуы мүмкін шығындардың мөлшерін анықтау үшін елеулі мәні бар Сақтанушыға белгілі мән-жайларды хабарлауға міндетті.

7.5. Сақтандырушы өтініш-сауалнаманың нысанын және сұратылған мәліметтерін өзгертуге, сондай-ақ Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында Ішкі бақылау қағидаларына сәйкес тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттарды сұратуға құқылы.

7.6. Сақтанушы сақтандыру тәуекелін анықтау мақсатында оған Сақтандырушы қойған өзге де сұрақтарға жауап беруге міндетті.

7.7. Егер сақтандыру шарты Сақтандырушының қандай да бір сұрақтарына Сақтанушының жауаптары болмаған кезде жасалған болса, соңғысы кейіннен Сақтанушының тиісті мән-жайларды хабарламауы негізінде Сақтандыру шартын бұзуды не оны жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.

7.8. Егер сақтандыру шартын жасасқаннан кейін Сақтанушының Сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтер бергені анықталса, Сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.

7.9. Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде Сақтандыру шартының телнұсқасын береді.

7.10. Сақтандыру шартының шарттарын өзгерту сақтанушы мен сақтандырушының өзара келісімі бойынша тараптардың бірінің өтініші негізінде екінші тарап өтінішті алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі және тараптардың сақтандыру шартына қосымша келісімімен ресімделеді.

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

8.1. Сақтандыру шарты ол күшіне енген күннен бастап он екі ай мерзімге жасалады.

8.2. Сақтандыру шарты Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген кезден бастап Тараптар үшін күшіне енеді және міндетті болады және Тараптар сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін толық орындаған кезге дейін қолданылады.

8.3. Сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңі Шарттың қолданылу кезеңінде қамтамасыз етіледі.

8.4. Сақтандыру шартының қолданылу орны (сақтандыру аумағы) тек қана Қазақстан Республикасының аумағына қолданылады.

9. ҚОСАРЛАНҒАН САҚТАНДЫРУ

9.1. Қосарланған сақтандыру кезінде Сақтандырушы Сақтанушының (Пайда алушының) алдында онымен жасалған Сақтандыру шарты шегінде мүлктік жауапкершілікте болады, алайда Пайда алушының барлық Сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залал сомасынан аспауы тиіс.

9.2. Сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін қосарлы сақтандыру кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру төлемі мәселесін өзге сақтандыру компанияларында реттеуге қатысты барлық мәліметтерді, оның ішінде өзге сақтандыру компанияларынан алынған сақтандыру төлемінің мөлшері туралы мәліметтерді беруге міндетті.

9.3. Қосарланған сақтандыру кезінде Сақтандырушы сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын анықтауға, басқа сақтандыру компанияларымен бірлесіп сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген залалдың мөлшерін айқындауға құқылы.

10. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

10.1. Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан сақтандыру шарттары, сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттері туралы түсіндірме алуға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптарға сәйкес сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға;
- 4) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгінуге.

10.2. Сақтанушы міндетті:

- 1) сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға оның талап етуі бойынша ұсынылған мәліметтерді растайтын қажетті мәліметтер мен құжаттарды ұсынуға;
- 2) сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және ықтимал зиянның (сақтандыру тәуекелінің) мөлшерін айқындау және сақтандыру тәуекелін бағалау үшін өткізу және объектішілік режимнің талаптарын сақтай отырып, адамдар жаппай болатын Объектінің аумағы мен үй-жайларына Сақтандырушының кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;
- 3) сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге;
- 4) Сақтандырушыға талаптарды көрсете отырып және медициналық қорытындыны, осы Сақтандыру ережесінің 13.3 және 13.4-тармақтарында көзделген тәуелсіз бағалау нәтижесін қоса бере отырып, олар Пайда алушыдан немесе оның заңды өкілінен келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жазбаша өтініш жіберуге, сондай-ақ Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындау мән-жайларын тексеруге қажетті көмек көрсетуге;
- 5) сақтандыру жағдайының себептерін, барысы мен салдарын, келтірілген зиянның сипаты мен мөлшерін растайтын қолда бар ақпарат пен құжаттарды ұсынуға;
- 6) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау ережелеріне» сәйкес Сақтандырушының сұрау салуы бойынша тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттарды ұсынуға.

10.3. Сақтандырушы құқылы:

- 1) Сақтанушы ұсынған мәліметтер мен құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушының сақтандыру шартының талаптары мен шарттарын орындауын тексеруге;
- 2) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтауға;
- 3) Сақтанушыдан және Пайда алушыдан сақтандыру жағдайының басталу фактісін және келтірілген зиянның дәрежесін анықтау үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды талап етуге;
- 4) Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және ықтимал залалдың (сақтандыру тәуекелінің) мөлшерін айқындау үшін елеулі мәні бар мән-жайлар туралы мәліметтер және сақтандыру тәуекелін бағалауға;
- 5) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын алуға;
- 6) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны және оның құжаттамалық растамасына алуға;

7) тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретіне сүйене отырып, сақтандыру жағдайының басталу фактісін және Пайда алушыға келтірілген залалдың мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;

8) сақтандыру шарты бұзылған кезде және сақтандыру жағдайлары болмаған жағдайда-сақтандыру шарты қолданылған уақытқа пропорционалды сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігіне және алынған сақтандыру сыйлықақысының 10% мөлшерінде сақтандыру шартын жүргізуге байланысты әкімшілік шығыстарға.

9) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау ережелеріне» сәйкес тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттарды сұратуға.

10.4. Сақтандырушы міндетті:

1) Сақтанушыны сақтандыру шарттарымен, оның сақтандыру шарты бойынша құқықтарымен және міндеттерімен таныстыруға;

2) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуы туралы өтінішін уақытылы қабылдауға;

3) Сақтанушы не оның өкілі барлық қажетті құжаттарды ұсынбаған жағдайда, дереу, бірақ 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, оларды жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабардар етеді.

Сақтандыру төлемдерін уақытылы жүзеге асырмағаны үшін Сақтандырушы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес жауапты болады.

10.5. Пайда алушы құқылы:

1) адамдардың жаппай болатын объектідегі өрттің салдарынан олардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне болған сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

2) сақтанушының орнына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауға және сақтандырушыға ұсынуға;

3) келтірілген зиянның мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшының қызметтерін пайдалануға;

4) келтірілген зиянның мөлшерін бағалау нәтижелерімен және Сақтандырушы (оның ішінде сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы) және (немесе) тәуелсіз сарапшы жүргізген сақтандыру төлемі мөлшерінің есептерімен танысуға;

5) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін алуға;

6) адамдар жаппай болатын объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сақтандырушыға немесе сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;

7) өтініш пен қоса берілетін құжаттарды Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге;

8) сақтанушыға келтірілген зиянды келтірілген зиян сомасының алынған сақтандыру төлемі сомасынан асып кету мөлшерінде өтеу туралы талап қоюға;

9) Сақтанушы Сақтандыру объектілерінде Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Сақтандырушыға сақтандыру төлемдерін төлеу туралы талап жіберуге.

10.6. Пайда алушы міндетті:

- 1) Сақтанушыға талаптарды көрсете отырып және медициналық қорытындыны, осы Сақтандыру ережесінің 13.3 және 13.4-тармақтарында көзделген тәуелсіз бағалау нәтижесін қоса бере отырып, жазбаша өтініш жіберуге;
- 2) Сақтанушы осы Сақтандыру ережесінің 10.2-тармағының 4) тармақшасында көзделген міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, Сақтандырушыға талаптарды көрсете отырып және медициналық қорытындыны, осы Сақтандыру ережесінің 13.3 және 13.4-тармақтарында көзделген тәуелсіз бағалау нәтижесін қоса бере отырып, жазбаша өтініш жіберуге;
- 3) Сақтандырушының сұратуы бойынша «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау ережелеріне» сәйкес тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттарды ұсынуға.

**11. САҚТАНУШЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ
ӘРЕКЕТТЕРІ**

11.1. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оларға келтірілген шығындарды дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі.

11.2. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және / немесе оған зиянды өтеу туралы талап қоюға себеп болуы мүмкін оқиға болған кезде Сақтанушы міндетті:

- 1) талап қоюға себеп болуы мүмкін оқиғаға байланысты шығындарды азайту үшін қазіргі жағдайда ақылға қонымды және қол жетімді шараларды дереу қабылдауға;
- 2) тиісті мемлекеттік немесе ведомстволық органдарда оқиғаның құжаттамалық ресімделуін қамтамасыз етуге;
- 3) Пайда алушыдан немесе оның заңды өкілінен зиянды өтеу туралы талап алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сақтандырушыны немесе оның өкілетті өкілін сақтандыру жағдайының белгілері бар және / немесе оған зиянды өтеу туралы талап қоюға себеп болуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы жазбаша хабардар етуге;
- 4) онымен одан әрі іс-қимылдарды келісуге, сондай-ақ Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша жазбаша өтініш беруге.

11.3. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және / немесе Сақтанушыға зиянды өтеу туралы талап қоюға себеп болуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы Сақтандырушыны белгіленген мерзімде хабардар етпеу Сақтандырушыға сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді. Сондай-ақ, егер сақтандыру оқиғасы бойынша құзыретті органдардың (құқық қорғау органдары, өрт қауіпсіздігі органдары, санэпидемстанция, авариялық қызметтер, экологиялық қызметтер, Төтенше жағдайлар министрліктері және т.б.) қорытындысы болмаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.

11.4. Сақтанушы сақтандыру жағдайы бойынша барлық қосымша ақпаратты хабарлауға және Сақтандырушыға қажетті көмек көрсетуге міндетті.

11.5. Сақтанушы Сақтандырушыға оның сұрау салуы бойынша коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді қоса алғанда, сақтандыру жағдайына байланысты мәліметтерді беруге міндетті.

11.6. Сақтанушы Сақтандырушыға (соңғысының талап етуі бойынша) талаптарды сотқа дейінгі және сот тәртібімен реттеу кезінде Сақтанушының өкілеттігін беруге міндетті.

11.7. Сақтанушы Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған әрекеттерді жасамауға, сондай-ақ қандай да бір міндеттемелерді қабылдамауға, жауапкершілікті мойындамауға, қандай да бір ұсыныстарды қабылдамауға, төлемдер жасамауға және сақтандырушының жазбаша келісімінсіз осы сақтандыру жағдайына қатысы бар қандай да бір төлемдер жасауға уәде бермеуге міндетті.

12. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ШЫҒЫН МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

10.1. Сақтандыру төлемі үшін мынадай құжаттар (қолма-қол қағаз нұсқада және (немесе) электрондық нұсқада) ұсынылады:

- 1) өмірге, денсаулыққа және (немесе) мүлікке келтірілген зиянды өтеу туралы өтініш;
- 2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) сәйкес медициналық есепке алу құжаттамасының нысаны бойынша медициналық құжаттама;
- 3) қайтыс болғаны туралы куәлік немесе анықтама (олар болған жағдайда);
- 4) мүгедектікті және (немесе) еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу жөніндегі медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы (олар болған кезде);
- 5) амбулаториялық және (немесе) стационарлық емделуге нақты шығыстардың төленгенін растайтын төлем құжаты (көшірмесі);
- 6) Пайда алушының мүлкіне келтірілген зиянды тәуелсіз бағалау нәтижесі.

12.2. Орын алған оқиға туралы неғұрлым толық ақпарат алу мақсатында Сақтандырушы құзыретті органдардан (құқық қорғау органдары, өрт қауіпсіздігі органдары, санэпидемстанция, апаттық қызметтер, экологиялық қызметтер, Төтенше жағдайлар министрлігі және т.б.), оқиғаның басталу мән-жайлары туралы ақпараты бар кәсіпорындардан, мекемелер мен ұйымдардан мәліметтерді сұратуға, сондай-ақ оның себептері мен пайда болу мән-жайларын дербес анықтауға құқылы.

12.3. Қажет болған жағдайда Сақтандырушының тапсырмасы бойынша оқиғаның басталу себептерін және залалдың мөлшерін айқындау жөніндегі жұмысты тәуелсіз сарапшылар, бағалаушылар, апаттық комиссарлар, сюрвейерлік ұйымдар орындай алады.

12.4. Сақтанушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін құжаттардың толық пакетін ұсынбаған жағдайда Сақтандырушы бұл туралы Сақтанушыны дереу, бірақ соңғы құжатты алған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.

13. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ. ШЫҒЫНДАР МӨЛШЕРІН ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ

10.2. Әрбір үшінші тұлғаның өміріне, денсаулығына, мүлкіне келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемінің мөлшері (сақтандырушының бір сақтандыру жағдайы бойынша жауапкершілігінің шекті көлемі) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленеді және кемінде құрайды:

1) әрбір жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін мынадай айлық есептік көрсеткіштерден кем емес құрайды:

қаза табу – 5 000;

мүгедектікті белгілеу:

бірінші топ – 4 000;

екінші топ – 3 000;

үшінші топ – 1 500;

мүгедек бала – 3 000;

мүгедектік белгіленбей мертігу, жарақат алу немесе денсаулықтың өзге де зақымдануы-амбулаториялық және (немесе) стационарлық емдеуге арналған нақты шығыстар мөлшерінде, бірақ 750-ден артық емес;

2) бір жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін-келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ 1500-ден аспайтын мөлшерде;

3) бір мезгілде екі және одан да көп жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін - келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ әрбір жәбірленушіге 1500-ден аспайтын мөлшерде. Барлық жәбірленушілер бойынша мүлік бойынша сақтандыру төлемдерінің жалпы мөлшері 10 000-нан аспауы тиіс. Жәбірленушілердің мүлкіне зиян мөлшері сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемінен асып кеткен жағдайда әрбір жәбірленушіге сақтандыру төлемі оның мүлкіне келтірілген зиян дәрежесіне сәйкес жүзеге асырылады.

13.2. Сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу үшін сақтандыру төлемі жүзеге асырылған күнге тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіш пайдаланылады.

13.3. Пайда алушының өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның мөлшері мемлекеттік медициналық мекемелерде немесе кәсіпорындарда берілген медициналық қорытындымен расталады (белгіленеді).

13.4. Пайда алушының мүлкіне келтірілген зиянның мөлшері тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша расталады (белгіленеді).

13.5. Сақтандыру төлемін сақтандырушы сақтанушыдан немесе пайда алушыдан осы Сақтандыру ережелерінің 13.3 және 13.4-тармақтарында көзделген медициналық қорытындыны, тәуелсіз бағалау нәтижесін алғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

13.6. Сақтандыру төлемін уақытылы жүзеге асырмаған жағдайда Сақтандырушы Пайда алушыға Тараптар айқындаған тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті. Тараптар тұрақсыздық айыбы әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,0001 пайызын құрайтыны және талап қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде төленетіні туралы келісімге келді.

14. КЕРІ ТАЛАП ЕТУ ҚҰҚЫҒЫ (СУБРОГАЦИЯ)

14.1. Төлемді жүзеге асырған Сақтандырушыға Сақтанушының (Пайда алушының) сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін, сақтандыру нәтижесінде өтелген қасақана әрекет жасаған тұлғаға талап ету құқығы төленген сома шегінде ауысады.

14.2. Сақтандырушыға ауысқан талап ету құқығын ол Сақтанушы (Пайда алушы) мен сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекет жасаған тұлғаның арасындағы қатынастарды реттейтін ережелерді сақтай отырып жүзеге асырады.

14.3. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және оған Сақтандырушының өзіне ауысқан талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.

14.4. Егер сақтанушы (сақтандырылушы) сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін, сақтандырушы өтеген қасақана әрекет жасаған тұлғаға талап қою құқығынан бас тартса немесе бұл құқықты жүзеге асыру Сақтанушының (Пайда алушының) кінәсінен мүмкін болмаса, сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

15. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

15.1. Сақтандыру шарты мынадай жағдайларда тоқтатылды деп есептеледі:

- 1) сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің аяқталуы;
- 2) сақтандыру шартын Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 841-бабына сәйкес мерзімінен бұрын тоқтату;
- 3) сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде орын алған сақтандыру оқиғасы бойынша Шартта белгіленген жалпы сақтандыру сомасы мөлшерінде Сақтандырушы сақтандыру төлемдерін жүзеге асырған жағдай.

15.2. Егер сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтандырушының кінәсінен шарт талаптарының орындалмауына немесе сақтандыру шартының орындалуының мүмкін еместігіне байланысты болса, Сақтандырушы Сақтанушы төлеген сақтандыру сыйақысын толық көлемде қайтаруға міндетті.

15.3. Осы Ереженің 15.1-тармағының 2) тармақшасында көзделген негіз бойынша сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру қолданылған уақытқа пропорционалды сақтандыру сыйақысының бір бөлігін, сондай-ақ алынған сақтандыру сыйақысынан 10 (он) пайыз мөлшеріндегі әкімшілік шығыстарды шегере отырып, өзінде қалдыруға құқылы.

15.4. Сақтанушы сақтандыру шартынан бас тартқан жағдайда (Азаматтық кодекстің 841-бабының 2-тармағына сәйкес), егер бұл бірінші бөлігінде көзделген мән-жайларға байланысты болмаса (841-бап, 1-тармақ), Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйақысы немесе сақтандыру жарналары қайтарылуға жатпайды.

15.5. Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтанушының шарттың шарттарын орындамауына байланысты болған жағдайларда, төленген сақтандыру сыйақысы қайтарылуға жатпайды..

15.6. Сақтандыру шартының тоқтатылуы Сақтандырушыны, сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде орын алған және кейіннен сақтандыру жағдайы деп танылған оқиғалар бойынша Пайдалы алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетінен босатпайды. Сақтандыру төлемін осы сақтандыру жағдайы орын алған кезеңде сақтандыру шартын жасасқан Сақтандырушы жүзеге асырады.

16. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР


10.3. Сақтандыру шарты бойынша Тараптар арасында туындаған даулар келіссөздер арқылы шешіледі, ал келісімге қол жеткізілмеген жағдайда – Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен қаралады.

10.4. Осы Сақтандыру ережелері қазақ және орыс тілдерінде жасалған. Мәтіндер арасында айырмашылықтар болған жағдайда, Сақтандыру ережелерінің орыс тіліндегі нұсқасы басымдыққа ие болады.

10.5. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шартының үлгілік нысаны Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін ережелермен толықтырылуы мүмкін.

Лист согласования

Тип документа		Согласование ВНД	
Тема		Согласование Правил вменённого страхования гражданско-правовой ответственности владельцев объектов с массовым пребыванием людей за причинение вреда жизни, здоровью и (или) имуществу третьих лиц	
Дата регистрации		12.09.2025	
Рег. номер		СВНД--000091/25	
Инициатор		Курбанбаева Гулжанат Бакыткызы	
Должность		главный специалист	
Наименование	Подразделение	Ф.И.О., подпись ответственного лица, дата визирования	Дата визирования
1	2	3	4
Согласован	Правление	Джантуреев Нуржан Абдилязизович, Заместитель Председателя Правления	12.09.2025 14:41
Согласован	Правление	Тульбаев Нурмухамед Шамшидинович, Заместитель Председателя Правления	12.09.2025 15:11
Согласован	Исполнительный директор	Славкин Юрий Вадимович, исполнительный директор	12.09.2025 14:41
Согласован	Юридический департамент	Ахметова Динара Нурталаевна, директор	12.09.2025 15:11
Согласован	Департамент риск-менеджмента	Бекетов Тимур Николаевич, директор	12.09.2025 15:11
Согласован	Департамент прямых продаж	Енгальчева Анастасия Анастасовна и. о. Акаев Арман Жунисжанович, директор	12.09.2025 15:21
Согласован	Департамент регионального развития	Снеговской Михаил Олегович, директор	12.09.2025 15:33
Согласован	Управление андеррайтинга	Демченко Глеб Сергеевич, главный специалист	12.09.2025 15:34
Согласован	Департамент статистики	Сырмолотова Анна Викторовна, директор	12.09.2025 15:35
Согласован	Служба комплаенс-контроля	Абдуллаева Альмира Зикиряровна, руководитель	12.09.2025 15:55



Проинформировано и пронумеровано
 На 14 (четырнадцать) листах
 Заместитель Председателя
 Правления
 Джантуреев Н.А.